**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің**
**20.05.2020 жылғы жалпы отырысының**
**стенограммасынан үзінді көшірме**
**Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті**
**Мәжілісінің Төрағасы Н. НЫҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания**
**Мажилиса Парламента Республики Казахстан**
**от 20.05.2020 года**
**Вел заседание Председатель**
**Мажилиса Парламента Республики Казахстан**
**Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «2005 жылғы 25 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев мырзаға беріледі.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға ұрланған автокөлік қылмыстарын ашу және көліктерін қайтару бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер арасындағы келісімге өзгерту енгізу туралы хаттаманы бекіту бойынша заң жобасы ұсынылады.

Бұл хаттамаға ішкі істер министрлері қол қойды, олар – Ресей, Тәжікстан, Беларусия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова.

Хаттаманың негізгі мақсаты – ұрланған автокөлік иелерінің құқықтарын қорғау.

Келісімді бекіту бірқатар мәселені шешеді. Мәселен, 2005 жылы келісім қабылданғаннан бастап осы кезге дейін ұрланған 220-дан астам көліктің тек 30 пайызы елге қайтарылды, өйткені сұрау салу нормалары дұрыс жұмыс істемеген.

Осы кемшіліктерді жою үшін құжатқа жаңа нормалар енгізілді. Енді ереже бойынша сұрау салуды орындауға бір ай уақыт беріледі.

Сондай-ақ сұрау салу бойынша ақпарат ұсынудан бас тарту үшін нақты негіз қажет.

Сонымен қатар, хаттамада жол-көлік, өрт және табиғи апаттан зардап шеккен автокөлік құралдары туралы мәлімет беру, кеден органдарымен ақпарат алмасу және бір жыл ішінде сұрауы жоқ автокөлік қай жерде анықталса, сол мемлекеттің меншігінде қалдыру мәселелері қарастырылады.

Бұл жерде бір ескертпе бар. Біздің мемлекетте шекарадан өтетін көліктер туралы ортақ ақпараттық деректер базасы жоқ, сондықтан бұл норма Қазақстанға қолданылмайды.

Құрметті депутаттар! Осы заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқпайды, қосымша қаржылай шығындарды талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің өкіліне арналады.

Құрметті Ерлан Заманбекұлы, Сіз өз баяндамаңызда қаралып отырған хаттамаға біздің тарап ескертпемен қол қойғанын айттыңыз. Осы ескертпеге сәйкес хаттаманың 1-бабының 5-тармағы е)-тармақшасының қолданысы Қазақстан Республикасына қолданылмайды, онда ақпараттық дерекқорды мемлекеттік шекараны кесіп өткен автокөлік құралдары туралы мәліметтермен қалыптастыруды және қолдауды қамтамасыз ету міндеттері бекітілген.

Хаттамаға ескертпемен қол қоюдың себебі неде екендігін нақтырақ түсіндіріп беріңізші. Рақмет.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Өздеріңіз білесіздер. 2015 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одаққа Қазақстан мүше болып кірді. Осыдан кейін біздің шекарамыздың бәрі ашық, Ресей Федерациясы мен Қазақстанның арасында 7 мың километр шекарамыз бар, осы шекараның бәрін техникалық жағынан қамтамасыз ету өте көп қаражатты қажет етеді.

Бұл сұраққа Шекара қызметінің өкілі толық жауап берсе деймін.

ТӨРАҒА. Сөз генерал-лейтенант Ділмановқа беріледі.

ДІЛМАНОВ Д.А. Спасибо за вопрос.

Оговорка, которую мы инициировали к данному протоколу, была инициативой Пограничной службы. Мы должны признать, что границы с Российской Федерацией и Республикой Кыргызстан являются открытыми границами, то есть общими для стран Евразийского экономического союза. В этой связи мы инициировали такую фабулу, чтобы обеспечить прозрачность границ и передвижение грузов и автомобильного транспорта без информации.

Вместе с тем для того, чтобы решать вопросы безопасности, в настоящее время с Министерством внутренних дел на месте отработаны вопросы по проверке тех машин, которые представляют интерес как для Министерства внутренних дел, так и для нас. Это либо новые автомашины, либо какое-то поведенческое настроение водителей говорит о том, что это машины с признаками возможного угона.

Эта практика нам дает результаты, что за 2018 год мы уже задержали 68 автомашин, а в 2019 году – уже 91. За четыре месяца 2020 года уже

50 единиц автомобильной техники задержано на государственной границе, они сразу же передаются сотрудникам Министерства внутренних дел, которые на местах проводят соответствующие следственные мероприятия.

ТӨРАҒА. Актуальные мероприятия. В связи с этим принятие такой ратификации очень важно.

ДИЛМАНОВ Д.А. Нурлан Зайруллаевич, прошу прощения, это только заезд машин в Казахстан, не выезд.

ТӨРАҒА. Ясно.

Сөз депутат Звольский Сергей Адамовичке беріледі.

ЗВОЛЬСКИЙ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Ерлан Заманбекович! Соглашение направлено на борьбу с хищениями автотранспортных средств. Вместе с тем известно, что не все страны Содружества Независимых Государств подписали рассматриваемый протокол.

В этой связи полагаем, что вывоз из нашей страны и завоз из таких стран похищенных автомашин не уменьшатся. В свою очередь, это может затруднить борьбу с хищениями автотранспорта и его возврат законным владельцам.

В этой связи у меня такой вопрос: каким образом строится взаимодействие со странами, не подписавшими соглашение по вопросам борьбы с хищениями автотранспорта? Рақмет.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. В данном случае наш основной документ – это Минская конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам от 22 января 1993 года, где регламентированы все нормы по возврату любого имущества, похищенного на территории Республики Казахстан.

Сама процедура немного усложнена: мы вынуждены обращаться через Генеральную прокуратуру, Генеральная прокуратура обращается в страну, с которой у нас имеются правовые взаимоотношения, только после этого поступает в Министерство внутренних дел.

Также у нас есть Соглашение по обмену информацией в сфере борьбы с преступностью 2009 года, которое уже более тесно регламентирует и четче определяет порядок и механизм обмена информацией по похищенному имуществу и возврату его в страну.

Кроме того, у нас есть многосторонние и двусторонние ведомственные приказы между министерствами внутренних дел, где мы более четко определяем сам механизм взаимодействия. Допустим, это совместные оперативные мероприятия по пресечению государственной границы, борьбе с миграцией, в том числе как раз и по автотранспортным преступлениям.

В части шести стран, которые не подписали, вот эти два законодательных, нормативных акта будут основополагающими.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Құрманова Айзада Амангелдіқызына беріледі.

ҚҰРМАНОВА А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ерлан Заманбекұлы! Қаралып отырған хаттамада келісімнің 9-бабының 2-тармағына талап етілмеген автокөлік құралдарын мемлекеттік кірісіне алуға қатысты түзетулер енгізу қарастырылып отыр. Нақты мерзім, яғни бір жыл белгіленді. Ол мерзім аяқталғаннан кейін мұндай автокөліктер аумағында табылған мемлекеттің кірісіне алынуы мүмкін.

Сонымен қатар меншік иесінің автокөлікті қайтаруға мүдделі еместігіне орай оның одан бас тартуына болатындығы белгіленді. Осыған байланысты сұрағым бар.

Меншік иесі өз автокөлігінен үш немесе бес ай ішінде бас тартқан жағдайда оның автокөлігін мемлекет кірісіне алу үшін бір жыл күтудің қажеттілігі бар ма? Рақмет.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Мен қысқаша айтайын, қажеттілігі жоқ. Үш айда мәселенің бәрі шешілсе, сараптаманың нәтижесі болса, онда осы автокөліктің иесіне, яғни Қазақстан азаматына автокөлік қайтарылады, оны бір жыл күтудің қажеті жоқ. Осы заңда «бір жылға дейін» деген норма қарастырылған.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичке беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Ерлан Заманбекович! Несомненно, что вопросы борьбы с хищениями автотранспорта в нынешних реалиях являются весьма актуальными. С созданием Евразийского экономического союза сняты барьеры по пути перемещения товаров внутри объединения. В свою очередь, это, на наш взгляд, может повлечь риски активизации транснациональных преступных группировок, которые занимаются хищениями автотранспорта и их последующей легализацией.

Как показывает практика, процент раскрываемости преступлений в сфере хищений автомобильного транспорта оставляет желать лучшего.

Ни для кого не секрет, что большая часть похищенных дорогостоящих автомашин исчезает за рубежом бесследно. Так, по данным Вашего министерства, с 1993 года из всего количества, а это более 75 тысяч единиц, украденных и угнанных в нашей стране автомашин, ненайденными остаются порядка 14,5 тысячи.

Скажите, пожалуйста, какие меры принимаются уполномоченным органом для улучшения раскрываемости автомобильных хищений, а также как этому может способствовать рассматриваемый сегодня нами протокол? Спасибо.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Спасибо за вопрос.

На самом деле это, наверное, самая актуальная и злободневная тема сегодня. Дело в том, что с каждым годом количество личного автотранспорта увеличивается, допустим, за последние десять лет практически в полтора раза.

Когда похищают личное имущество граждан, конечно, это вызывает обоснованные нарекания с их стороны.

В то же время я хотел бы сказать, что за последние пять лет нами принят ряд мер, в результате которых количество угонов и краж автотранспорта уменьшилось на 32 процента, а раскрываемость – увеличилась.

Сегодня мы работаем в трех направлениях – практическом, законодательном и информационном.

Между министерствами внутренних дел очень тесные взаимоотношения. Мы проводим совместные оперативные мероприятия. Когда обнаруживается тот или иной автотранспорт, самая главная наша цель, чтобы данное автотранспортное средство не было легализовано на территории той страны, куда оно было угнано. Для этого мы сейчас создаем единую информационную базу угнанного автотранспорта среди пяти государств – участников Евразийского экономического союза, чтобы сразу в онлайн-режиме видеть, какое автотранспортное средство было угнано, и на своей территории принимать какие-то меры.

Второй момент – по выдаче транспортных средств. Я уже сказал в докладе, что данный момент не был четко урегулирован. Сегодня он уже есть. То есть в течение месяца дается ответ и до года принимается решение о возврате имущества.

Единственное, есть проблема, когда номера агрегата автотранспорта перебиваются и практически ни одной экспертизой невозможно установить подлинность номерного агрегата данного автотранспортного средства. Если оно было перепродано, есть добросовестный покупатель, то данный вопрос решается только в судебном порядке.

Внутри страны в настоящее время мы провели ряд законодательных инициатив, в частности, в правила внутренней торговли (это приказ Министра национальной экономики) в июне прошлого года мы внесли норму о том, что продажа запасных частей автомобилей должна осуществляться только в специализированных магазинах. В настоящее время мы усилили контроль за этими спецмагазинами.

Я объясню. Это как в ломбарной деятельности. Прежде чем запчасть сдать на реализацию, допустим, на тот же самый авторынок, владелец обязан предоставить технический паспорт автомашины, с которой эта запчасть была снята, и свое удостоверение личности. То есть мы уже будем знать, какие запчасти, бывшие в употреблении, продаются на рынке и кто их выставил на продажу.

Третий момент. В ближайшее время в Мажилис Парламента будет внесена норма в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях, а именно – статья 204-6 «Нарушение законодательства Республики Казахстан по приему и реализацию непродовольственных товаров, бывших в употреблении». Эта статья предусматривает административную ответственность в случае нарушения этих правил. Тем самым мы регламентирует рынок продажи запчастей, бывших в употреблении, в Казахстане.

Еще одна норма связана с интеграцией всех информационных систем. На сегодня у патрульных полицейских имеется около 6 тысяч планшетов, интегрирована вся база данных, касающихся автотранспорта (владелец, данные автотранспорта, VIN-код, где он был приобретен, цвет и другие технические параметры).

В период карантина в течение двух месяцев у нас стояли блокпосты. Практически на второй месяц мы полностью отменили бумажные пропуски, смотрели по планшетам. То есть интегрировали базу данных.

Сегодня мы пошли еще дальше. По поручению Главы государства мы хотим ввести норму, что водителю транспортного средства не обязательно с собой носить все правоустанавливающие документы, хватит только удостоверения личности, потому что по удостоверению личности посредством планшета мы увидим, каким транспортным средством он владеет, сколько доверенностей выписано, когда заканчивается страховой полис, когда проходил технический осмотр, сколько у него административных штрафов. Это мы сегодня уже сделали. Тем самым уже нет необходимости проверять на станциях техосмотра в визуальном режиме. Мы уже видим.

Кроме того, мы сейчас интегрируем все наши планшеты с видеокамерами, стоящими на улице. Если вы обратили внимание, в последнее время практически нет автотранспортных средств без государственных номерных знаков. Камера сразу сигнализирует оперативному дежурному, патрульная выезжает и задерживает данную автомашину.

Плюс уже нет сеток, которые закрывают или меняют номера, потому что в базе данных Министерства внутренних дел уже забиты цвет, номер и марка автомашины, которые соответствуют государственному номерному знаку. Если они не соответствуют, идет второй сигнал.

Мы сейчас минимизировали количество угонов. Это чисто по техническим данным.

Нурлан Зайруллаевич, норма, которую мы приняли в соответствии с поручением Главы государства и интегрировали в эту систему, применяется только в нескольких странах Европы. В этой части, я думаю, мы шагнули вперед. Но она будет действовать только на территории Казахстана. При выезде на территорию другого государства, конечно, все правоустанавливающие документы должны быть.

Я думаю, что именно такими практическими, законодательными и интеграционными мерами в сфере цифровизации мы все-таки минимизируем. Действительно, сегодня количество угонов транспортных средств уменьшилось на 32 процента. При взаимодействии с нашими коллегами, в первую очередь с Российской Федерацией. 80-85 процентов угнанных на территории Казахстана машин уходит именно на территорию России, такой же процент угнанных с территории России идет на территорию Казахстана. Более тесные взаимоотношения в нормативных документах у нас рассмотрены. Я думаю, что в дальнейшем это приведет к положительному результату.

ТӨРАҒА. Что касается угона, Вы сейчас привели цифру «32 процента». Конечно, здесь интеграционность этого соглашения очень важна, потому что вы осуществляете обмен оперативной информацией со своими коллегами. А что касается рынка вторичных запчастей, скорее всего это закрытый вопрос в нашей стране, потому что отсюда запчасть не поедет в другую страну. Скорее всего это у нас внутри.

Наверное, Вы видели, когда карантин был, рынки не работали, в том числе рынки автозапчастей, и вот эти виды преступлений сошли на нет. То есть когда есть рынок сбыта, понятно, что изымается все это, воруют, начиная с зеркал, заканчивая всеми составляющими, потом идут как вторичные запасные части.

Вот здесь мы однозначно поддержим, Ерлан Заманбекович. Если надо, давайте переговорим и с «Атамекеном». Бизнес бизнесом, но люди на этих рынках тоже должны понимать. Если эта запасная часть сделана на каком-то предприятии либо в цеху, это одно, но когда мы видим, что снято с автомобиля, ну не может быть другой дороги, как только если это не своровано. Либо если после ДТП автомобиль не подлежит восстановлению, должна быть справка из Дорожной полиции, что после ДТП автомобиль подлежит разборке. Вот другого пути здесь не должно быть.

Я хочу повторить, что касается угона, мы здесь ратифицируем и интегрируем систему с другими странами, а по рынку вторичных запчастей – это наш внутренний вопрос.

Все нормы, которые нужно принять, Ерлан Заманбекович, мы поддержим в полном формате.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Спасибо. Вот эти две нормы – в части административной ответственности и интеграции наших систем – зайдут в Мажилис в этом году, чтобы только по удостоверению личности. Зачем гражданам целое портмоне документов носить с собой? Удостоверения личности хватает.

ТӨРАҒА. Здесь очень важно вместе с нашими коллегами из «Атамекена» провести большую информационную работу среди владельцев рынков запасных частей, чтобы они тоже понимали, что после принятия этих норм, когда Правительство зайдет сюда с этими нормами, а мы их поддержим, к ним ручейки запасных частей непонятного происхождения будут просто пресекаться. Они тоже должны быть готовы к этому.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Рақмет, Ерлан Заманбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қаралып отырған хаттама аймақтық сипатта және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер арасында автокөлік құралдарын жымқыруды болғызбау және

оларды қайтаруды қамтамасыз ету мәселелерінде өзара қатынасын реттеуге бағытталған.

Бүгінгі күні ТМД мемлекеттерінде қылмыстық автомобиль бизнесі қару-жарақ және есірткі саудасы қылмыстарымен бірге бұрынғыдай өзекті мәселе болып отыр.

Автокөлік құралдарын жымқыру – күмәнсіз трансұлттық қылмыстық жазаланатын іс-әрекет, құрамына ТМД-ның әртүрлі мемлекеттерінің азаматтары кіретін ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалады. Осыған орай автокөлік құралының меншік иесінің құқығы ТМД мемлекеттері қызметінің негізгі басымдығы ретінде қаралуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың жеке меншігі, мемлекеттік меншікпен қатар танылады және бірдей қорғалады деп бекітілген (6-баптың 1-тармағы).

Осыған сәйкес ұрланған құралды заңсыз сату мақсатымен Қазақстан шекарасынан тыс жерге алып кеткен жағдайда мемлекетаралық деңгейде ұрланған автокөлік құралдарын заңды иесіне қайтару шаралары қолдануы тиіс.

Сол себепті хаттама автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күресте және оларды заңды иелеріне қайтаруды қамтамасыз етуде достастықтағы басқа елдермен тиімді ынтымақтастықта болу үшін қосымша мамандандырылған халықаралық-құқықтық негіздер жасайды және одан басқа жекеменшікті, оның ішінде автокөлік құралдарын қорғауға жоғары кепілдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы, хаттама біздің еліміздің мүддесін ескереді және ол ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің автокөлік ұрлығына қарсы күрестегі ынтымақтастығының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы заң жобасын қарастыру бойынша жұмыс тобының және комитеттің отырыстары өткізілді. Депутаттардан түзетулер келіп түскен жоқ. Мәжілістің тұрақты комитеттері оң қорытындыларын берді.

Айтылғандардың негізінде комитет осы заң жобасын мақұлдауды және оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Автокөлік құралдарының ұрлануы иелеріне де, сондай-ақ мемлекетке де айтарлықтай зиян келтіреді. Осыған байланысты бұл заң жобасын қабылдау қажет деп санаймын және әріптестерімді оны қолдауға шақырамын.

Көліктердің ұрлануына қарсы тиімді күрес тек барлық мүдделі елдердің өзара іс-қимылының негізінде мүмкін болады.

Бұл хаттама ең алдымен азаматтарымыздың меншік құқығын қорғауға бағытталған деп санаймын.

Айта кету керек, Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстыратын транзиттік мемлекет болып табылады.

Күн сайын біздің еліміз арқылы алыс және жақын шетелдерге үлкен көлік ағыны өтеді.

Жыл сайын «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жол-көлік инфрақұрылымы дамып келеді.

Шетелдік автокөлік құралдары туралы ақпараттық дерекқорды енгізу мәселесі өзекті болып қала береді, бұл көлік құралдарының ұрлануы саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау бойынша тиімді жұмысқа ықпал етуге тиіс.

Осыған байланысты қарастырылып отырған хаттаманы ратификациялау ел ішінде, сондай-ақ шетелде автокөлік ұрлығына қарсы күрес жөніндегі шараларды жетілдірудегі маңызды әрі дұрыс қадам деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сапар Қайратұлы.

Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 80, «жақтағандар» – 80. Қаулы қабылданды.

Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі
Матай Н. Шайынтазов.